

"Тарбағатай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 19-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 шілдедегі № 28-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 4072 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 маусымдағы № 3-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 08.06.2016 № 3-3 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 2-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Тарбағатай аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 19-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3293, Тарбағатай газетінің 2014 жылғы 16 маусымда № 48-49 жарияланған) мынандай өзгеріс енгізілсін:

Аталған шешіммен бекітілген Тарбағатай аудандық мәслихатының регламентінде:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Тарбағатай аудандық
мәслихаттың хатшысы*

А.Құсайынова

М.Мағжаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК